



Жас ақындар мүшәйрасы



Арқалық қаласында А.Имановтың 150 жылдығы, С.Көбеевтің 145 жылдығы және Ғ. Қайырбековтың 95 жылдығына арналған «Ұрпағың саған тіл қатты» атты қалалық жазба ақындар мүшәйрасы өтті.

Жыр додасының сарапшылары талант иелерінің өлең-жырларындағы сөз қолданысына, ой жүйелігіне, көркемдік ерекшелігіне, тақырыптың ашылуына, шығармаларын мәнерлеп, жатқа оқу шеберлігіне, дауыс мәнері мен тіл тазалығына, сахна мәдениетін бағалап, жаңа туындының еш жерде жарияланбағанына назар аударды.

– Қаламызда жыл сайын жалғасын тауып келе жатқан бұл мүшәйра жас талапты ақындардың өнерін дамытуына, сонымен қатар олардың өнер ортасын қалыптастыруына, өлеңмен тәжірибе алмасып әрі қарай елге танылуына үлкен мүмкіншілік беруде, – дейді әділқазылар алқасының төрағасы, айтыскер ақын Батырлан Сағынтаев.

Үш кезеңді қамтыған жыр жарысының қорытындысы бойынша бірінші орынды Родина ауылының ақыны Ернағыз Жанатқан жеңіп алды. Ал,

мүшәйраның екінші және үшінші орындарын Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педогогикалық институтының студенттері Айбек Құндақбаев, Гүлнұр Темірболатқызы, Думан Елубай иеленді. Ғафу Қайырбеков атындағы жұлде Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педогогикалық институтының студенті Сейфуллин Насихатұлына, Спандияр Көбеев атындағы жұлде. Ы.Алтынсарин атындағы гимназия оқушысы Әсел Маратқызына, Амангелді Иманов атындағы жұлде Ақбұлақ негізгі мектебінің оқушысы Рүстем Төлепбергенұлына табысталды. Сондай-ақ, “Жас қалам” номинациясы Б. Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Мақсат Адайұлына берілді.

М. БЕКЕТҰЛЫ
Арқалық қаласы

Бекетұлы М. Жас ақындар мүшәйрасы [Мәтін] : [жазба ақын сайысы] / М. Бекетұлы // Қостанай таңы. – 27 қазан. – Б. 16.



Ауған соғысының жаңғырығы

Орталық кітапхананың оқу залы бөлімі мен Родина аулдық клубы интернационалист жауынгерлердің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына байланысты ардагер ағаларымыздың құрметіне арналған «Ауған соғысының жаңғырығы» атты кездесу кеш өткізді.

Кешіміздің арнайы шақырылған қонақтары Родина ауылында тұратын ауған соғысының ардагері Серік Есмурзин және танымал қолөнер шебері, өлкетанушы Шөптібай Байділдин ағамыз болды. Кештің көрермендері ретінде Ә. Бөкейханов атындағы жалпы білім беретін мектебінің оқушылары мен ұстаздары қатынасты.

Ауған соғысының тарихи мағыналық ақиқатын ашу. Өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары қайсар жауынгер ағаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете

отырып, жастарды отансүйгіштікке, ерлікке баулу, жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін ояту, жауынгерлердің қысқа ғұмырынан үлгі-өнеге, тарихи тағылым беру, Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсетуге арналған кеш 1 минуттық еске алу үнсіздігімен басталды. Шара төрінен сөз алған қонақтар талай жастың өмірін қиған соғыстың тарихына, себеп салдарына, қиын күндерін еске алып, тұшымды ой-пікірлерімен бөлісті. Талантты оқушылар кеш құрметіне патриоттық, отан туралы әндер орындап, қонақтарға көкейде жүрген сұрақтарын қойып, кері байланыс орнатты. Сонымен қатар «Ауған соғысы жадымызда» атты ақпараттық кітап көрмесіне шолу жұмыстары жүргізілді. Кеш соңында қонақтармен естелік суретке түстік. Көрермен қауым тарихи мағлұматтар алып, рухани демалып тарқасты.

Сымбат КӨШКІНБАЙ,
Арқалық қаласының
орталықтандырылған
кітапхана жүйесі,
оқу залы бөлімінің
кітапханашысы

Көшкінбай Сымбат. Ауған соғысының жаңғырығы [Мәтін] : [ардагерлеге арналған кездесу кеші туралы] / С. Көшкінбай // Арқалық хабары. – 2023. – 17 ақпан. – Б. 7.



Кітапты QR-кодпен ОҚЫҢЫЗ

Кітапхана – ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан, шырағы биік парасаттылықпен білімділіктің, байлықпен біліктіліктің киелі ордасы. Ал адамның ойын байытып, сауатын жоғарылатып, білім нәрімен сусындатар орта – кітапхана. Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы – салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақтың талабын қанағаттандыру, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда талап талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап.

Әдебиет арқылы әлемдегі мемлекеттер бір-бірімен рухани байланыс жасауда. Бірақ бүгінгі компьютерлендірілген, қарқынды дамыған техника заманы өз қызығын ұсынуда. Өркениетті елдерде кітап оқуға деген ынты-ықыласты арттырудың түрлі

амалдары жасалуда. Ол жеке тұлғаны рухани мәдениетке тәрбиелеуде әрдайым ерекше орын алып келе жатыр. Кітапхананың аталған міндеттерді жүзеге асыруы көпшілік жағдайда мәдени шаралар мен бос уақытты тиімді ұйымдастыру арқылы іске асырылады.

Халықтың кітап оқу белсенділігін арттыру мақсатында бағытталған «Оқитын ұлт», «Бір ел – бір кітап», «Нағыз оқитын кез» атты жобалар аясында жұмыс жүргізіледі. Осыған байланысты «Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінде «Оқуға құштар ұлт» және «Жыл кітабын бірге оқиық!» атты QR-код орналасқан стенд оқырман назарына ұсынады. 2023 жылы "Бір ел – бір кітап" республикалық акциясы аясында белгілі драматург, жазушы, қоғам қайраткері

Төлен Әбдіқовтың шығарма-

лары таңдалды. Енді оқырмандар жазушы қаламгерлердің шығармаларын смартфон арқылы оқи алады. Бұл жоба «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отыр.

Бұл жоба қаламгерлер мен оқырмандардың арасын жалғайтын алтын көпірдің баспалдағы десекте болады. Кітапханаға келіп-кету көп уақыт алады, онымен қоса, кейде бірнеше кітапты көтеріп әкетуге тура келеді. Мобильді кітапхананың артықшылығы да осында. Жұмыста немесе үйде, басқа да орындарда оқуға ыңғайлы. Технологияның дамыған тұсында осындай кітапхана жастар үшін қажет әрі тиімді. Тақтайшадағы кітаптардың төменгі тұсында штрих-код орналасқан. Әуелі смартфонның QR-сканер қосымшасын жүктеп алып, қосымшадағы сканер батырмасына ба-



сасыз. Одан кейін өзіңіз оқығыңыз келген жинақтың төменгі тұсында орналасқан штрих-кодқа алып барсаңыз, бірнеше секунд ішінде кітаптың электронды нұсқасын жүктеуіңізді сұрайды. Кітапты телефон жадына сақтау арқылы оны кез келген уақытта оқуға мүмкіндік аласыз.

Бұдан бөлек кішкентай ғана оқырмандарымызға арналған «Ертегілер әлемі – сыр шертеді әдемі» атты қазақ тіліндегі ертегілердің QR-коды бар стенд орнатылды. Бұл стендтің бір өзгешелігі кішкентай бүлдіршіндеріміз QR-кодпен сканер жасаған уақытта «YouTube» каналынан мультфильмдерді бірден

көре алады. Мысалы, «Алдар көсе» туралы мультфильмін көріп, енді осы туралы кітапты оқып берсең бе деп баланы қызықтыру мақсатында ұсынылып отыр. Баланы кітапқа тартудың жолы – қызықтыра алу.

Негізгі идея оқырманды кітапханаға тарту, жастарды кітап оқуға шақыру. Ол үшін жаңа технологияның көмегіне жүгінуді жөн санадық. Оқырмандарға ұнайды деген ойдамыз.

**Ләззат Баяхметқызы,
Арқалық қаласының
орталықтандырылған
кітапхана жүйесінің
әдіскері.**

Баяхметқызы Ләззат. Кітапты QR-кодпен оқыңыз [Мәтін] : [электронды кітаптар туралы] / Л. Баяхметқызы // Қостанай таңы. – 2023. – 31 наурыз. – Б. 18.

В селе Жанакала об итогах полугодия

В ходе регулярных отчетных встреч аким города Аркалыка Амирхан Асанов побывал в южных регионах нашего города, где, в том числе заслушал отчет акима села Жанакала Мереке Карина.

Как проинформировал Мереке Карин, село Жанакала находится в 90 километрах от города Аркалыка. Общая площадь села составляет 54 тысячи 700 гектар. Из них 383 гектара являются сенокосными, остальные пастбищными землями. По состоянию на начало июня в селе проживает 270 человек в 72 дворах.

В селе имеются школа, медицинский и ветеринарный пункты, клуб, административное здание, 16 крестьянских хозяйств и 11 индивидуальных предпринимателей. Сельское население в основном занимается животноводством. В настоящий момент в селе Жанакала насчитывается 1002 головы крупнорогатого скота, 578 голов лошадей и 1 тысяча 635 голов овец и коз.

В школе в 2022-2023 году занималось 38 учеников. Из них 12 человек окончили школу с отличием. Таким образом, качество образования в школе составило 67%. Также Мереке Карин сообщил, что в подготовительном классе обучаются 5 человек. В мини-центре – 15. В школе работают 16 учителей и 15 человек из числа техперсонала. Школа нуждается в учителях химии, английского языка, пения и информатики. В текущем году производятся работы по ремонту кровли школы, а также закупу 220 тонн угля для учебного заведения.

Кроме того, было сказано,

что в селе действует Дом культуры на 150 мест. Здесь проводятся культурно-массовые мероприятия. Плюс ко всему в здании расположена сельская библиотека, в которой имеется 5 тысяч 960 книг. При этом количество новых книг составляет 174 экземпляра. В селе также работают методисты и инструктор по спорту. Благодаря их работе жители села активно участвуют в соревнованиях городского уровня. Также в селе действует своей фельдшерско-акушерский пункт, находящийся в здании администрации. При этом медицинский пункт полностью обеспечен лекарствами, оборудованием и транспортом.

Также Мереке Карин сообщил о том, что с прошлого года остаток бюджетных средств составил 162 тысячи 912 тенге. По плану в текущем году планируется собрать 570 тысяч тенге налоговых платежей. В настоящее время собрано 248,2 тысяч тенге. Из указанных средств 486 тысяч тенге будет направлено на уличное освещение, 125 тысяч тенге на замену светильников. 30 тысяч тенге на обслуживание и 250 тысяч тенге на уборку сельских улиц от снега.

Кроме того, докладчик сообщил, что в рамках программы «Ауыл – Ел бесігі» в текущем году планируется построить пункт очистки и распределения воды на сумму 143,6 миллионов тенге. Кроме того, было отмечено, что в селе очень плохая мобильная связь. В этой связи селу выделяется более 101 миллиона тенге на установку антенно-мачтовой конструкции. Что касается развития предпринимательства, то в рамках проекта «Бастау бизнес» и по линии государственной программы развития предпринимательства на 2022 – 2025 годы «Енбек» в текущем году обучился 1 человек. Кроме того, 3 жителя села подали заявки на кредит под 6% годовых.

Конференция по случаю 150-летия Амангельды Иманова

В Детско-юношеском центре «Жас улан» была проведена региональная конференция «Ерлік – елге онеге», посвященная 150-летию народного героя Амангельды Иманова.

Организаторами данного мероприятия выступили отдел культуры и развития языков акимата города Аркалыка и Центр молодежных гражданских инициатив. В качестве главного докладчика выступил старший научный сотрудник областного музея истории Степного края города Аркалыка Батырлан Сагинтаев.

В частности было напомнено, что в нынешнем году одной из самых знаменательных дат в нашей стране и в целом в регионе станет празднование 150-летия со Дня рождения Амангельды Иманова. В рамках празднования юбилея Амангельды Иманова в сфере культуры запланирован целый комплекс тематических мероприятий. В течение всего года будут проходить всевозможные встречи, конкурсы, поэтические вечера и многое другое. К примеру, по линии работы городского Дворца культуры на осень выпадает мушайра акынов. Как понятно, в большинстве стихотворные произведения будут звучать патриотического характера. Ведь Амангельды Иманов был одним из лидеров Среднеа-

зиатского восстания 1916 года против имперских властей, участником гражданской войны.

В ходе мероприятия было также напомнено, что Амангельды Иманов родился 3 апреля 1873 года в Тургайском уезде. Он был народным батыром, организатором национально-освободительного восстания казахского народа, потомком Иман-батыра, сподвижника и соратника Кенесары Касымова. За участие в вооруженной борьбе крестьян против баев сидел в тюрьме с 1896 по 1911 годы. А организаторский и полководческий талант Амангельды Иманова проявился в национально-освободительном восстании 1916 года. Восстание имело политическое значение. Число участвовавших в нем воинов составило 50 тысяч человек. Сарбазы Амангельды Иманова 27 дней осаждали населенный пункт Торгай. Восстание продолжалось до Февральской революции в России.

С октября 1917 года по январь 1918 года Амангельды Иманов активно участвовал в установлении Советской власти в Тургае и Тургайской области. Был военным комиссаром Тургайского уезда. Амангельды Иманов был типичным представителем передовых слоев казахского трудового хозяйства начала 20 века. Благодаря активному участию в общественной жизни аула, способствовавшему его значительному политическому развитию, он стоял в передовой шеренге освободительного движения.

В ходе восстания Амангельды Иманов проявил себя, как стойкий боец, убежденный в антинародном характере государственной власти. Восстание имело политическое значение и было направлено против колониальной политики царского режима.

В годы гражданской войны Амангельды Иманов совместно с Алиби Джангильдиным формировал первые в Казахстане национальные красноармейские части, помогал партизанам в тылу войск Колчака. После ликвидации Советской власти в Тургае 20 апреля 1919 года Амангельды Иманов был взят в плен. Амангельды Иманов был похоронен на Алаколе, а в 1940 году перезахоронен в районном центре. На его могиле установлен памятник. Он имел двух сыновей Рамазана и Шарипа. Жизнь и борьба Амангельды Иманова отражена в произведениях поэтов и писателей, художников, кинорежиссеров и так далее.

Как было отмечено на региональной конференции, обо всем этом и не только, безусловно, будет идти речь в ходе всего юбилейного года, приуроченного к 150-летию Амангельды Иманова. Ведь на истории его жизни будут строиться многие культурные мероприятия, в том числе конкурсного поэтического, литературного и иных характеров. И одним из самых знаковых, как выше сказано будет мушайра акынов, намеченная на октябрь текущего года.

Виталий САЯПИН


Саяпин Виталий. В селе Жанакала об итогах полугодия [Текст] : [о селе Жанакала] / В. Саяпин // Арқалық хабары. – 2023. – 30 июня. – С. 5.

Жаңарған Жаңақала

немесе Әбдіғапар хан ауылындағы рухани шара

Аз уақыт бұрын бұған дейін Қараторғай, кейін Жаңақала аталған ауылға Торғай топырағынан шыққан даңқты тұлға Әбдіғапар Жанбосынұлының есімі берілген болатын. Ауылдың атауы ғана ауыстырылып қоймады, елді мекен тұрғындарының игілігі үшін бірнеше нысан пайдалануға берілді.

Қасиетті Торғай топырағынан шыққан текті тұлғаларымыздың бірі де бірегейі Әбдіғапар Жанбосынұлы десек қателеспейміз. Торғай уезі, Қараторғай болысында өмірге келген Әбдіғапар атамыздың есімі ол кісінің ұлжаңдылығы, батырлығы, даналығы арқасында қазақ тарихында алтын әріптермен жазылып қалды. Көзі ашық, санасы сергек азамат жастайынан сол кездегі үстем биліктің озбыр саясатына іштей наразы болып, туған халқым азаттық таңын көрсеп арман етті. Кейіннен халықтың ашуы кемеліне жетіп, наразылық өрши түскен уақыт 1916 жылдың жазында Қараторғай болысының, кейін бүкіл Торғай уезінің көтерілісшілері Әбдіғапар маңына топтасты. Сол жылғы 21 қарашада Жалдама өзені бойында 13 болыс ел өкілдерінің құрылтайы Әбдіғапарды хан көтеріп, Кенесары қолбасшыларының бірі Иман батырдың немересі Амангел-



Басы 1 бетте

Жаңарған Жаңақала...

Әбдіғапар ел билігін соғыс жағдайына бейімделген дала демократиясы негізінде қайта құрды. Алдымен өзін хан деп атамай, әмір деп есептеді. Әбдіғапар көтерілісшілерді 20 адамнан тұратын халық өкілдерінің кеңесі арқылы басқарды. Бұл кеңес әскери, әкімшілік, шаруашылық мәселелерін шешетін басшы орталық болды. Әбдіғапар хан жасақтаған әскери құрылым империяның қарулы күштеріне аса тегеурінді қарсылық көрсетті. Оның қоластына Қазақстанның көптеген аймақтарынан көтерілісшілер жасақтары келіп қосылды. Сөйтіп Торғай өлкесі Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ері орталығына айналды. Осындай даңқты тұлғаның есімі ауылға беріліп, баба ерлігін мәңгі есте сақтау жолында аса маңызды шара жүзеге асты.

Ауылдың жаңа атауы жазылған стелла, футбол және балалар-

дың ойын алаңы, көше тренажеры салтанатты түрде ашылды. Аталған нысандар Әбдіғапар Жанбосынұлының ұрпағы Марат Мырзағалиұлының демеушілігімен салынды. Шараға Арқалық қаласының әкімі Әмірхан АСАНОВ қатысып, игілікті істердің бастамашысы болып отырған азаматқа алғысын айтып, тарихын ұлықтаған елдің ертеңі жарқын болатынын тілге тиек етті. «Әбдіғапар Жанбосынұлы көреген көшбасшы, арыстан жүректі батырлығымен елдің ықыласына бөленді. Бүгін де міне Әбдіғапар хан есімі Жаңақала ауылына беріліп, батыр есімін ұлықтау жолында игілікті істер атқарылуда. Ұрпақтары Әбдіғапар хан ауылына ойын және спорт алаңын орнатуға демеушілік жасап, көпшіліктің ризашылығына бөленіп отыр. Олай болса, құрметті жиылған қауым, Әбдіғапар хан ауылының тұрғындары, елінің қорғаны бола

білген, туған халқының азаттығы жолында қанын төгіп, жанын берген батыр бабамыздың есімі асқақтай берсін. Тарихынан тағылым алып, батырын ұлықтаған ұлағаты ұрпағымыз аман болсын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, халқымыздың ауызбіршілігі арта берсін!», - деп атап өтті қала басшысы.

Футбол алаңының да керме жібі салтанатты түрде қиылып, Әмірхан Біркенұлы оқушыларға доптар мен футбол формаларын тарту етті. Әрі қарай ауыл балалары өзара футбол жарысын өткізді. Рухани шараға жиылғандар Әбдіғапар Жанбосынұлының кесенесіне барып, баба рухына тағзым етіп, құран бағыштады. Ас беріліп, дастархан ба-сында ел мен жердің амандығы тіленіп, Әбдіғапар ханның халқының болашағы жолындағы күрескер тұлғасы тағылымды әңгімеге арқау болды.

«АХ»

Кітапты QR-кодпен оқыңыз

Кітапхана – ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан, шырағы биік парасаттылық пен білімділіктің, байлық пен біліктіліктің киелі ордасы.

Ал, адамның ойын байытып, сауатын жоғарылатып, білім нәрімен сусындатар орта – кітапхана. Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы – салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақтың талабын қанағаттандыру, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда талап талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап.

Әдебиет арқылы әлемдегі мемлекеттер бір-бірімен рухани байланыс жасауда. Бірақ бүгінгі компьютерлендірілген, қарқынды дамыған техника заманы өз қызығын ұсынуда. Өркениетті елдерде кітап оқуға деген ынта-ықыласты арттырудың түрлі амалдары жасалуда. Ол жеке тұлғаны рухани мәдениетке тәрбиелеуде әрдайым ерекше орын алып келе жатыр. Кітапхананың аталған міндеттерді жүзеге асыруы көпшілік жағдайда мәдени шаралар мен бос уақытты тиімді ұйымдастыру арқылы іске асырылады.

Халықтың кітап оқу белсенділігін арттыру мақсатында бағытталған «Оқитын ұлт», «Бір ел – бір кітап», «Нағыз оқитын кез» атты жобалар аясында жұмыс жүргізіледі. Осыған байланысты «Арқалық қаласының орта-

лықтандырылған кітапхана жүйесінде «Оқуға құштар ұлт» және «Жыл кітабын бірге оқиық!» атты QR-код орналасқан стенд оқырман назарына ұсынылады. Биылғы 2023 жылы "Бір ел-бір кітап" республикалық акциясы аясында белгілі драматург, жазушы, қоғам қайраткері – Төлен Әбдіковтың шығармалары таңдалды. Енді оқырмандар жазушы қаламгерлердің шығармаларын смартфон арқылы оқи алады. Бұл жоба «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отыр.

Бұдан бөлек кішкентай ғана оқырмандарымызға арналған «Ертегілер әлемі – сыр шертеді әдемі» атты қазақ тіліндегі ертегілердің QR-коды бар стенд орнатылды. Бұл стендтің бір өзгешелігі кішкентай бүлдіршіндеріміз QR-код сканер жасаған уақытта «YouTube» каналынан мультфильмдерді бірден көре алады. Мысалы, «Алдар көсе» туралы мультфильмін көріп, енді осы туралы кітапты оқып бересің бе деп баланы қызықтыру мақсатында ұсынылып отыр. Баланы кітапқа тартудың жолы – қызықтыра алу.

Негізгі идея оқырманды кітапханаға тарту, жастарды кітап оқуға шақыру. Ол үшін жаңа технологияның көмегіне жүгінуді жөн санадық. Оқырмандарға ұнайды деген ойдамыз.

**Ләззат БАЯХМЕТҚЯЫЗЫ,
Арқалық қаласының
орталықтандырылған
кітапхана жүйесінің әдіскері**